

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның 2011 жылға арналған қаржылық нәтижелері

Астана, 2 наурыз 2012 ж. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («ҚМГ БӨ», «Компания») 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың топтастырылған қаржылық есебін жариялады.

- Мұнай бағасының айтарлықтай өсуіне және ішкі нарыққа жеткізілімге бағаның жоғары болуына байланысты, экспортқа шығатын көлем төмендеуінің ішінара өтелуімен 2010 жылмен салыстырғанда сатудан түскен кірістер 19%-ға өсті және 708 млрд. тенгені (4 832 млн. АҚШ доллары) құрады. 2011 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2010 жылмен салыстырғанда, барреліне 79 АҚШ долларынан 111 АҚШ долларына дейін өсіп, 41%-ға жоғары болды.
- Таза пайда 209 млрд. тенгені (1 425 млн. АҚШ доллары)¹ және бір акцияға шаққандағы пайда 2 950 тенгені (бір ЖДҚ үшін 3,4 АҚШ долларын) құрады, 2010 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 11%-ға және 9%-ға азайған.
- Компанияның 2011 жылдағы нәтижелеріне 2011 жылдың мамыр-тамыз айларында орын алған заңсыз наразылық акцияларының нәтижесінде мұнай өндірудің және экспорттың төмендеуі, сондай-ақ 2010 жылы ЭКС-тің енгізілуі мен 2011 жылы оның мөлшерінің екі еселенуі әсер етті.

Өндірістік көрсеткіштер

2011 жылы ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Қазгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есептегенде, 12 341 мың. тонна (тәулігіне 250 тыс. баррель) мұнай өндірді, бұл 2010 жылғыдан 944 мың. тоннаға немесе 7%-ға аз.

«Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалы (бұдан әрі-ӨМГ) 5 082 мың. тонна (тәулігіне 102 мың. баррель) өндірді, бұл өткен жылғыдан 884 мың. тоннаға аз. «Ембімұнайгаз» (бұдан әрі - ЕМГ) 2 818 мың. тонна (тәулігіне 57 мың. баррель) өндірді, бұл өткен жылғыдан 18 мың. тоннаға көп, осының арқасында, ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 2011 жылы 7 900 мың. тоннаны (тәулігіне 159 мың. баррель) құрады, бұл 2010 жылғыдан 866 мың. тоннаға немесе 10%-ға аз. 2011 жылы өндіру нәтижелеріне 2011 жылдың мамыр-тамыз айларына созылған ӨМГ-дағы заңсыз наразылық акциялары, сондай-ақ жыл ішінде электр қуатымен қамтамасыз етуде шектеудің орын алуы айтарлықтай деңгейде әсер етті. Өндірудің азаюы мұнай экспорты көлемінің төмендеуіне айтарлықтай әкеліп соқты, бұл өз кезегінде алдыңғы жылмен салыстырғанда, 2011 жыл қаржылық нәтижелерінің нашарлауының басты факторына айналды.

¹ Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2011 жылы 146,62 тенге/ АҚШ долл., 2010 жылы 147,35 тенге/АҚШ долл., кезең соңында бағам: 2011 жылы 148,40 тенге/АҚШ долл., 2010 жылы 147,40 тенге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

Өндірістік жоспарлар

Қазіргі уақытта Компания қысқа мерзімдік кезеңде Өзен кен орнында өндіру деңгейін көтеруге бағытталған және болашақта ӨМГ өндірістік қызметінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Оның ішінде мемлекеттік органдардың бастамасы бойынша 2012 жылдың басында ҚМГ БӨ екі жаңа еншілес сервистік компанияны құрды, бұл бұрын ҚМГ БӨ-дан және оның қатысуындағы бір бірлескен кәсіпорыннан жұмыстан шығарылған 2000-ға жуық адамды еңбекпен қамтуға мүмкіндік берді. Бұл шара ӨМГ қалыпты өндірістік қызметіне ықпал ете отырып, өндіріс қуаттылығын дамытуға және аталған өңірде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес болып табылады. Аталған бастаманың әлеуметтік сипатын және Компания барлық акционерлерінің мүддесін есепке алу қажеттілігін назарға ала отырып, ҚМГ БӨ Директорлар кеңесімен, Үкіметтің, Самұрық-Қазына Қорының және ҚазМұнайГаз Ұлттық Компаниясымен арадағы кеңесулердің нәтижесінде, ҚМГ БӨ Атырау МӨЗ-ына жеткізетін мұнайға субсидиялық бағаны 2012 жыл ішінде кейбір ұлғайтуларға келісімге қол жеткізілді. Аталған көтерудің экономикалық тиімділігі 2012 жылы 8,5 млрд тенгеге жуық қаржыны құрайды деп күтіліп отыр, бұл 2012 жылдың бюджетінде көзделген жаңа екі сервистік компанияны құру бойынша және оларды қажетті техникамен қамтамасыз етуді құрайтын 20,6 млрд.теңгеге жуық шығындарды ішінара өтеуге мүмкіндік береді. ҚМГ БӨ экономикалық жоғалтулары өтемі бойынша шаралар қаралу үстінде.

Компания 2012 жылы Өзен кен орнында өндірістік процестерді жаңғырту бойынша бірқатар жобаларды іске асыруды бастауға ниетті, бұл аталған кен орынды игерудегі тиімділікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті көтеруге мүмкіндік береді. Оның ішінде 2012-2013 жылдардың жоспарымен жерасты жабдықтарының диагностикасы және жөндеуі бойынша екі цехтың, ұңғымаларды тұншықтыру үшін сұйықтық дайындау бойынша екі түйіннің, сондай-ақ арнайы техника үшін сервистік орталықтың құрылысы көзделген. Кен орындарында қолданыстағы сораптардың сапасын жақсарту, сондай-ақ бірінші рет көлденеңнен ұңғымаларды бұрғылауды қолдану жоспарлануда. Бұдан басқа кен орындарын қорғауды күшейту бойынша және транспорт пен арнайы техниканың қозғалысына бақылауды қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру жалғасатын болады.

Сонымен бірге, Компания Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, ӨМГ және ЕМГ өндірістік филиалдары 2012 жылы дербес заңды тұлға болып қайта құрылады (акционерлік қоғамдар, 100% ҚМГ БӨ-ге қарайтын болады), бұл аталған кәсіпорындарға қажетті өкілеттіктерді және қызмет нәтижесіне олардың жауапкершілігін нақты белгілеуге басшылық беруге мүмкіндік жасайды (Толығырақ ҚМГ БӨ-нің 2012 жылдың 1 ақпанындағы баспасөз мәлімдемесінен қараңыз).

ҚМГ БӨ менеджменті Өзен кен орындары және Компанияның басқа да көнерген активтері ұзақ уақыттар бойы өндіруді ұлғайту және сақтау бойынша айтарлықтай әлеуетке ие екеніне сенімді. Бұған дейін хабарланғанындай, (2012 жылдың 9 қаңтарындағы баспасөз мәлімдемесін қараңыз) өткен жылғы 5,1 млн.тоннамен салыстырғанда, 2012 жылдың жоспарында Өзен кен орнында өндіруді 5,8 млн. тоннаға дейін ұлғайту көзделген.

ӨМГ және ЕМГ бойынша жиынтық өндіру 2011 жылдағы 7,9 млн.тоннадан, 2012 жылы 8,6 млн.тоннаға дейін өседі. Қазіргі уақытта ҚМГ БӨ іске асырып жатқан техникалық және ұйымдастыру шаралары кешені ағымдағы жылы осы көрсеткіштерге қол жеткізуге ғана емес, болашақта Компания негізгі активтеріндегі өндірістік қызмет нәтижелерін тұрақты жақсартуға бағытталған.

Мұнай сату

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» (ӨФ) өндірістік филиалдары бойынша мұнайды сатудағы экспорт көлемі 2011 жылы 5 758 мың. тоннаны (тәулігіне 116 мың. баррель), ал ішкі рынокқа жеткізілімдер 1 898 мың. тоннаны (тәулігіне 38 мың. баррель) құрады.

ҚМГ, ССЕЛ және ПҚИ компанияларының өндіруіндегі ҚМГ БӨ үлесі 2011 жылы 4 442 мың. тоннаны (тәулігіне 91 мың. баррель) құрады, бұл осы компаниялардың өндіру жоспарына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда, 78 мың. тоннаға немесе 2%-ға кем.

ҚМГ БӨ-ге қарайтын ССЕЛ, ҚМГ және ПҚИ компанияларындағы сатудан үлес экспортқа жеткізілген 3 795 мың. тонна (тәулігіне 78 мың. баррель) мұнайды қоса алғанда, 4 848 мың. тонна (тәулігіне 100 мың. баррель) мұнайды құрады, бұл компания сатылымының жалпы көлемінің 78%-ын құрайды. ПҚИ сату көлемдері өзіне орын басу мәмілелері бойынша үшінші тараптан сатып алынған, мұнайдан алынған мұнай өнімдерін қамтиды.

Кезеңдегі таза пайда

2011 жылы таза пайда 209 млрд. теңгені (1 425 млн. АҚШ долларын) құрады, 2010 жылмен салыстырғанда 11%-ға азайған, бұл негізінен заңсыз наразылық акциясының нәтижесінде өндірудің және мұнай экспортының төмендеуімен және операциялық салықтардың ұлғаюымен, мұнайға бағаның өсуінің ішінара өтелуімен түсіндіріледі.

Мұнайды және мұнай өнімдерін сату түсімдері

2011 жылы ҚМГ БӨ мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түсімдері 2010 жылмен салыстырғанда 19 %-ға артты және 708 млрд. теңгені (4 832 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл ұлғаю мұнай сатудағы орташа бағаның 34 %-ға – тоннасына 69 101 теңгеден (барреліне 64,86 АҚШ долларынан) 92 535 теңгеге (барреліне 87,29 АҚШ доллары) дейін өсуіне байланысты болды және өндірудің төмендеуі нәтижесінде экспорт көлемінің төмендеуімен ішінара өтелді.

Табыс салығынан басқа салықтар

Салықтар, табыстан басқа салықтар 2011 жылы 284 млрд. теңгені (1 937 млн. АҚШ доллары) құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 58%-ға артты. Бұл өсім мұнай бағасының өсуі нәтижесінде операциялық салықтар мөлшері қолданылуының өсуімен, сондай-ақ 2010 жылдың 16-тамызынан бастап енгізілген тоннасына 20 АҚ доллары мөлшерінде және 2011 жылдың 1-қаңтарынан тоннасына 40 долларға дейін ұлғайтылған экспорттық кедендік салықтар бойынша шығыстармен, ішінара өтелген өндіру және экспорт көлемінің төмендеуімен түсіндіріледі.

Өндірістік шығыстар

2011 жылы өндірістік шығыстар 117 млрд. теңгені (801 млн. АҚШ доллары) құрады, 2010 жылмен салыстырғанда 6%-ға артық. Айтарлықтай өсу, 2010 жылдың екінші жартысында Компания өндірістік филиалдары қызметкерлері жалақысының көтерілуінің, сондай-ақ 2011 жылдың 1-қаңтарынан бастап жылдық индексацияның нәтижесінде қызметкерлерге төлем шығыстарының артуымен түсіндіріледі.

Сату шығындары мен әкімшілік шығындар

Сату шығындары және әкімшілік шығындар бойынша шығыстар 2011 жылы 100 млрд. теңгені (683 млн. АҚШ доллары) құрады, 2010 жылмен салыстырғанда 9%-ға артық, бұл негізінен айыппұлдар мен өсімпұлдардың және әлеуметтік жобаларға шығыстардың ұлғаюынан туды, өндірудің төмендеуі нәтижесінде мұнайды тасымалдауға шығыстардың төмендеуінің ішінара өтелуімен түсіндіріледі.

Айыппұлдар мен өсімпұлдарға төлем бойынша шығыстар, негізінен 2004-2005 жылдары салықтық тексерулер бойынша даудың нәтижесінде айыппұлдың мойындалуымен, 2009 жылға ЭКС-ның өз уақытында төленбеуіне өсімпұлдар және экологиялық айыппұлға бағалау соммаларының есептелуімен байланысты (толығырақ ҚМГ БӨ-нің 2011 жылдың жарты жылдығы мен тоғыз айындағы, тиісінше 2011 жылдың 5 қыркүйегі және 14 қарашасындағы қаржылық нәтижелер бойынша баспасөз мәлімдемелерін қараңыз).

2011 жылдың бірінші тоқсанында 2,6 млрд. теңге мөлшерінде экологиялық айыппұлдар бойынша бағалаулардың есептелуі, дер кезінде тиісінше рұқсат алуға мүмкіндіктің болмауынан, 2010 жылдың соңында Прорва кен орындары тобында газдың жануынан туды. Компания аталған айыппұлды сотта даулауда. Газды жағуға 2011 жылға арналған қажетті рұқсат 2011 жылдың наурызында алынды.

Әлеуметтік жобаларға шығыстардың ұлғаюы негізінен әлеуметтік нысандар құрылысымен және Орал қаласында су тасқыны салдарымен күреске қаржылық көмекпен байланысты болды.

Операциялық қызметтен ақша ағымдары

Операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары 2010 жылдағы 116 млрд. теңгемен (785 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2011 жылы 148 млрд. теңгені (1 011 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл негізінен мұнайға бағаның өсуімен, төленген табыс салығы сомасының азаюымен және айналым капиталының толықтыруына шығындар динамикасының төмендеуімен байланысты.

Күрделі салымдар

Күрделі салымдар (ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке сәйкес, негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу) 2011 жылы 105 млрд. теңгені (716 млн. АҚШ доллары) құрады, оның ішінде 8,2 млрд. теңге (56 млн. АҚШ доллары) іздеу-барлау бұрғылау жұмыстарына. 2010 жылмен салыстырғанда күрделі салымдардың 19%-ға артуы, бекітілген 2011 жылға күрделі салымдар жоспарына сәйкес эксплуатациялық бұрғылау көлемінің 215-тен 237 ұңғымаға дейін және геологиялық барлау жұмыстарының² ұлғаюымен байланысты болды.

Бұдан басқа компаниямен ұсынылған 1,9 млрд. теңге мөлшерінде (13 млн. АҚШ доллары) 2011 жылдың мамыры мен желтоқсаны аралығында займ түрінде берілген бірнеше транштармен Компания «Ural Group Limited»-қа (UGL) қосымша инвестициялар жүргізді.

2012 жылдың бюджетінде операциялық шығыстарды қоса алғандағы геологиялық барлау жұмыстарына жалпы шығындар 31 млрд. теңгені (208 млн. АҚШ доллары, бағам бойынша 148,5 теңге АҚШ доллары) құрайды деп жоспарлануда.

² Геологиялық барлау жұмыстары бойынша толық ақпаратты қаржылық жағдай және қаржылық-экономикалық жағдай Талдауынан қараңыз.

Акционерлерге төлемдер

2011 жылдың 5 мамырында Компания 2010 жылдың нәтижелері бойынша 57 млрд. теңге (386 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде жыл сайынғы дивидендті жариялады, оның ішінде 34 млрд. теңге (235 млн. АҚШ доллары) «ҚазМұнайГаз» ҰК-ға тиесілі (бұдан әрі - ҚМГ ҰК) ҚМГ ҰК Облигациясы бойынша міндеттемелерді өтеу үшін есептелген (төменде Ақша қаражаттары және займдар секциясын қараңыз).

2011 жылы ҚМГ БӨ 12,8 млрд. теңге соммаға (87 млн. АҚШ доллары) 727 063 артықшылықты акцияны кері сатып алуды жүргізді. 2010 жылдың 23 ақпанында басталып, 2011 жылдың 31 желтоқсаны аралығында жүргізілген артықшылықты акцияларды сатып алу кезінде Компания 37 млрд. теңгеге (253 млн. АҚШ доллары) 2 073 276 артықшылықты акцияны (артықшылықты акция жалпы санының 50%-ы) сатып алды.

2011 жылдың 11 қазанында Компания өзінің қарапайым акцияларын (бұдан әрі - Акция) және жаһандық депозитарлық қолхат (бұдан әрі - ЖДҚ) сатып алу бағдарламасын іске асыруға кірісті. Бағдарлама аясында Компания 300 млн. АҚШ долларына дейінгі сомаға Қазақстан қор биржасындағы айналымдағы акцияларды және Лондон қор биржасындағы айналымдағы жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алуға мүмкіндігі бар. Бағдарлама 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін жалғасады. 2011 жылы Компания 3 831 акцияны 56 млн. теңге (0,4 млн. АҚШ доллары) сомаға және 1 279 749 ЖДҚ-ны 20 млн. АҚШ долларына сатып алды.

Ақша қаражаттары және займдар

2011 жылдың 31-желтоқсанында ақша қаражаттары және олардың баламаларының сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 99 млрд. теңгемен (0,7 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 207 млрд. теңгені (1,4 млрд. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31 желтоқсанындағы басқа да қаржы активтерінің сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 600 млрд. теңгемен (4,1 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 511 млрд. теңгені (3,4 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері ҚМГ ҰК шығарған қарыз құралын (бұдан әрі-Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы құралдарын қамтиды. 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ ҰК Облигацияларының сомасы 188 млрд. теңгені (1 267 млн. АҚШ доллары) құрады. 2011 жылы ҚМГ ҰК Облигациясынан есептелген пайыздық кіріс 14,1 млрд. теңге (96 млн. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) 73%-ы шетел валютасында, ал 27%-ы теңгеде қайта номинацияланды. Банктердегі депозиттерден есептелген пайыздық кіріс 2011 жылы 10,3 млрд. теңге (70 млн. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31 желтоқсаны күнгі Компания займдарының сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсаны күнгі 122 млрд. теңгемен (831 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 88 млрд. теңге (593 млн. АҚШ доллары) құрады. Займдардың сомасы өзіне ҚМГ БӨ-нің активтеріне кері талап ету құқығынсыз ПКИ-дағы акциялар пакетінің 33 %-ын сатып алуы нәтижесінде ҚМГ ПКИ Қаржы Б.В.-ның өзіне алған 79,8 млрд. теңге (538 млн. АҚШ долларын) мөлшеріндегі берешегін қамтиды. Мәміле шарттарына сәйкес, 2011 жылдың 5 шілдесі күні Компания 34 млрд. теңге (234 млн. АҚШ доллары) және 4,7 млрд. (32 млн. АҚШ доллары) сомасында негізгі қарыздың бір бөлігін және ҚМГ ПКИ Қаржы Б.В. компаниясы займы бойынша есептелген пайызды төледі.

Таза ақша қаражаттарының сомасы³ 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 576 млрд. теңгеге (3,9 млрд. АҚШ доллары) қарағанда, 2011 жылдың 31 желтоқсанында 629 млрд. теңге (4,2 млрд. АҚШ доллары) құрады.

Стратегиялық сатып алулардан кіріс

2011 жылы қауымдасқан компаниялардағы және бірлескен кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2010 жылы алынған 57 млрд. теңгемен (384 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 84 млрд. теңгені (575 млн. АҚШ доллары) құрады. 2011 жылы қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріне негізінен 2010 жылмен салыстырғанда мұнай бағасының қымбат болуы әсер етті.

Қазгермұнай

ҚМГ БӨ 2011 жылы ҚГМ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 38 млрд. теңге (262 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома Компанияның ҚМГ-нің таза табысында құрайтын 46 млрд. теңге (314 млн. АҚШ доллары) 50 %-дық үлесін және 8,7 млрд. теңге (59 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының асып кету амортизациясының әсерін шегеріп тастағандағы 1,0 млрд. теңге (7 млн. АҚШ доллары) сомасына табыс салығының кейінге шегерілген амортизациясынан кірісті көрсетеді.

ҚГМ таза пайдасы 2011 жылы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47 %-ға өсті, бұл мұнай бағасының артуымен қатар, ішкі рынокқа жеткізілімдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында шикі мұнайды сатып алу және жеткізу құрылымдарын оңтайландырумен байланысты болды, 2008 жылдың желтоқсанындағы жеткізу көлемдеріне қатысты экспорттық кедендік баж салығын төлеуге байланысты есептелген айыппұлмен, сондай-ақ 2010 жылдың 16 тамызында тоннасына 20 АҚШ долларынан енгізіліп, 2011 жылдың 1 қаңтарынан тоннасына 40 АҚШ долларына дейін көтерілген экспорттық кедендік баж салығын шығындарымен ішінара өтелді.

2011 жыл ішінде Компания ҚГМ-дан 36,6 млрд. теңге (250 млн. АҚШ доллары) сомасында дивиденд алды.

ПетроҚазақстан Инк.

2011 жылды ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 46 млрд. теңге (312 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 12 млрд. теңге (79 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнының сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігі сомасын алып тастағанда, ПҚИ-дің 57 млрд. теңге (391 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 33 % үлесін білдіреді.

2011 жылы ПҚИ-дың таза пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 17%-ға артты, бұл мұнай бағасының артуымен қатар, негізінен есепті кезеңде «Торғай Петролеум» АҚ нәтижелерінің 50 %-ның топтастырылуымен байланысты болды. (Толығырақ ҚМГ БӨ-нің 2010 жылдың 20 тамыз күнгі баспасөз мәлімдемесін қараңыз).

2011 жыл ішінде Компания ПҚИ-дан алған дивиденд 53 млрд. теңге соманы (363 млн. АҚШ доллары) құрады, оның 80%-ы ҚМГ ПҚИ Қаржы БВ компаниясының ұзақ мерзімді қарызын қамтамасыз ету ретінде тосқауыл қойылған есепшотта орналастырылған.

³ Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша займдарды алып тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі.

CCEL

Компания 2011 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзінің балансында 19,5 млрд. теңге соманы (131 млн. АҚШ доллары) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2011 жылы ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 3,0 млрд. теңге (20 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді. Қалған 6,7 млн. АҚШ доллары CCEL компаниясынан алынатын шоттарды төмендеу ретінде есептелді.

2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған топтастырылған қаржылық есебі, оның ескертпелері, сондай-ақ қаржылық жағдайға талдау мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның веб-сайтында (www.kmgcp.kz) жарияланатын болады.

ҚОСЫМША⁴ Жиынтық кіріс туралы топтастырылған есеп

Мың теңгемен

	31 желтоқсанда аяқталған жылда	
	2011	2010
Кірістер	721.194.169	609.242.398
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	84.276.312	56.641.838
Қаржылық кіріс	28.843.487	38.039.785
Басқа да кірістер	–	21.471.195
Түсім мен басқа кірістердің жиыны	834.313.968	725.395.216
Өндірістік шығындары	(117.465.026)	(110.747.524)
Сату және әкімшілік шығындары	(100.173.285)	(92.276.532)
Барлау шығындары	(5.985.224)	(2.072.263)
Ескіру, тозу және амортизация	(45.494.136)	(35.486.128)
Табыс салығынан басқа салықтар	(284.027.851)	(179.709.999)
Негізгі құралдарды шығарудан түскен шығындар	(4.043.980)	(2.200.613)
Қаржыландыру шығындары	(7.222.511)	(7.495.555)
Бағамдық айырмашылық кірістері /(шығыстары)	2.690.153	(3.459.449)
Салық салғанға дейінгі табыс	272.592.108	291.947.153
Табыс салығы шығындары	(63.661.222)	(57.445.263)
Кезеңдегі пайда	208.930.886	234.501.890
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	1.977.626	(560.821)
Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/(шығыстар)	1.977.626	(560.821)
Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістердің жиыны	210.908.512	233.941.069
БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА		
Базалық және молайтылған	2,95	3,23

⁴ Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

31 желтоқсанда

	2011	2010
АКТИВТЕР		
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	338.860.081	297.508.553
Материалдық емес активтер	26.638.032	15.185.859
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	116.526.247	96.737.910
Қауымдасқан компанияларға инвестициялар	133.228.381	139.952.442
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	18.138.239	19.153.089
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын займдар	8.494.019	–
Басқа да қаржылық активтер	188.802.605	221.825.818
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	9.450.148	8.408.967
Басқа активтер	19.591.820	13.858.297
Ұзақмерзімді активтер жиыны	859.729.572	812.630.935
Ағымдағы активтер		
Тауар-материалдық қорлар	22.651.421	18.779.936
Табыс салығы бойынша алдын ала төлеу	9.970.659	5.945.507
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	22.737.975	20.583.791
Алдағы кезеңдердің шығындары	12.055.210	27.815.083
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	84.125.802	65.529.767
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	1.361.055	1.203.834
Басқа да қаржылық активтер	321.889.708	377.800.956
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	206.511.923	98.519.680
Ағымдағы активтердің жиыны	681.303.753	616.178.554
Активтер жиыны	1.541.033.325	1.428.809.489
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	198.451.861	214.081.197
Басқа резервтер	2.123.886	1.739.901
Бөлінбеген пайда	1.083.749.222	931.455.065
Басқа капитал құрамы	14.354.200	12.376.574
Капитал жиыны	1.298.679.169	1.159.652.737
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Ұзақмерзімді міндеттемелер		
Займдар	33.033.898	62.286.045
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	2.049.181	1.829.852
Резервтер	37.845.571	35.625.247
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны	72.928.650	99.741.144
Ағымдағы міндеттемелер		
Займдар	54.931.227	60.194.818
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	50.908.398	46.054.359
Сауда және кредиторлық қарыз	48.680.153	47.304.799
Резервтер	14.905.728	15.861.632
Ағымдағы міндеттемелер жиыны	169.425.506	169.415.608
Міндеттемелер жиыны	242.354.156	269.156.752
Міндеттемелер мен капитал жиыны	1.541.033.325	1.428.809.489

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жиынтық есеп

Мың теңгемен	31 желтоқсанда аяқталған жылда	
	2011	2010
Операциялық қызметтен ақша қаражатының ағымдары		
Табыс салығына дейінгі пайда	272.592.108	291.947.153
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	45.494.136	35.486.128
Басқа да кірістер	–	(21.471.195)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(84.276.312)	(56.641.838)
Негізгі құралдарды шығару шығындары	4.043.980	2.200.613
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	2.438.923	16.194
Нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары	2.586.223	1.103.615
Опциондық бағдарлама бойынша шығыстарды тану	407.779	309.987
Үлестік құралдарды алу	(23.794)	(49.809)
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	(2.306.422)	(73.832)
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	5.869.493	916.338
Қаржыландыруға плюс шығыстар	7.222.511	7.495.555
Инвестициялық қызметке жататын минус қаржылық кірістер	(28.843.487)	(38.039.785)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа активтердегі өзгерістер	(817.081)	630.450
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	(4.821.587)	(3.463.525)
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	(2.104.701)	(11.312.224)
Болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	15.839.095	(6.351.679)
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(18.486.630)	(18.377.144)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	(3.600.176)	10.918.152
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	4.854.039	9.877.060
Резервтердегі өзгерістер	6.343.762	3.500.215
Төленген табыс салығы	(74.201.433)	(92.926.111)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары	148.210.426	115.694.318
Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары		
Негізгі құралдарды сатып алу	(92.759.829)	(86.679.884)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	753.447	139.497
Материалдық емес активтерді сатып алу	(12.217.536)	(1.572.033)
Бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді сатып алу	(23.906.835)	–
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(1.923.356)	–
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың алынған дивидендтер	89.794.595	94.458.518
ҚМГ ҰК үлестік құралына инвестиция сатып алу	–	(221.543.183)
ҚМГ ҰК үлестік құралына инвестиция ретінде алынған сыйақы	13.005.528	7.691.113
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату	56.836.304	146.680.715
Байланысқан тараптар займдарын өтеу	3.939.718	3.959.137
Еншілес кәсіпорындарды сатып алуда алынған ақша қаражаттарын шегеріп тастағанда	(8.799.170)	(8.614.935)
Алынған сыйақылар	9.602.749	33.988.614
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза ағымдары	34.325.615	(31.492.441)
Қаржылық қызметтен ақша ағымдары		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(15.762.657)	(24.531.975)
Займдарды өтеу	(35.219.073)	(14.614.702)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(19.287.040)	(48.235.969)
Төленген сыйақылар	(4.665.302)	(5.852.024)
Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары	(74.934.072)	(93.234.670)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза өзгерту	107.601.969	(9.032.793)
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	98.519.680	107.626.368
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша оң/ (теріс)бағамдық айырмашылық	390.274	(73.895)
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	206.511.923	98.519.680

Төменде 2011 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған, жылдағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

2011 жыл (АҚШ долл/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
Жарияланатын нарықтық баға ⁵	111,26	111,26	-	n/a
Сату бағасы	106,06	109,98	26,28	87,96
Сапа банкі	-	(9,65)	-	(2,82)
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,08)	9,32	-	2,30
Сатылған баға⁶	105,98	109,65	26,28	87,44
Ренталық салық	24,51	24,57	-	18,45
Экспорттық кедендік салық	5,20	5,20	-	3,91
Көліктік шығындар	7,75	7,56	1,38	6,08
Сату бойынша комиссия	0,07	0,07	-	0,05
Нетбэк	68,45	72,25	24,90	58,94

2010 жыл (АҚШ долл/барр)	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
Жарияланатын нарықтық баға ⁵	79,18	79,18	-	n/a
Сату бағасы	75,35	78,70	21,43	65,50
Сапа банкі	-	(6,98)	-	(2,06)
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,18)	6,09	-	1,41
Сатылған баға⁶	75,17	77,81	21,43	64,85
Ренталық салық	13,17	13,21	-	10,47
Экспорттық кедендік салық	0,65	0,76	-	0,55
Көліктік шығындар	7,32	7,62	1,58	6,20
Сату бойынша комиссия	0,07	0,07	-	0,06
Нетбэк	53,96	56,15	19,85	47,58

Анықтамалық ақпарат	2011	2010
Кезенге орташа бағам US\$/ KZT	146,62	147,35
Кезең соңындағы US\$/KZT бағамы	148,40	147,40
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПҚИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

⁵ Нарықтық баға ретінде Brent (DTD) мұнай котировкасы қолданылды

⁶ Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна мұнай үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2011 жылы 12,3 млн. тоннаны (тәулігіне 250 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 232 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,2 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде және 2011 жылдың қыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7908)

Елена Пак

e-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: ir@kmgep.kz

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.